


#QAZAQSTAN

Сенің батырларың кім?





**Қазақ хандары елдік пен әділдікті ту етіп,
халықтың тағдыры үшін күресті. Олар ел басқаруды
тек билік емес, үлкен жауапкершілік деп түсінді.
Сол әділдік пен бірлікке негізделген рух бүгінде
біздің тәуелсіздігіміздің іргетасы болып тұр.**





Ата, бізде Темір адам
мен Тор сияқты
батырлар болған ба?



Балам, бұл
қаһармандар — қиялдан туған.
Қазір саған халқымыздың
нағыз батырлары туралы
айтып беремін. Ерлік -
қанымызға сіңген қасиет.



Ал, немерем, тыңда!

Біздің хандарымыз тек
жаужүрек қолбасшы ғана
емес, дана, парасатты, қайсар
болған. Қасықтай қаны
қалғанша жерін қорғап,
ұрпағына ұлан-ғайыр даланы
қалдырды.





Міне, олар!
Керей мен Жәнібек!
Халқым, аз ғана жол қалды,
еркіндікке қарай алға!





Біз
Әбілхайыр Шайбанидің
әрекеттеріне енді
төзбейміз, халық оның
билігінен қажыды.

Керей, біз өз тәуелсіз
мемлекетімізді құрамыз.





Бүгіннен бастап, біз — дербес Қазақ хандығымыз!
Мен және Жәнібек адалдықпен әрі әділдікпен өз
халқымызға, қазақ еліне, қызмет етеміз!





Ал олар Қазақ
хандығын құрғанда
есейген, сақалына ақ
түскен қариялар
болды ма?



Жоқ, балам,
Керей хан 40 жаста,
Жәнібек хан
37 жаста болған.




Уау, ата, біздің
хандарымыз туралы
тағы айтып
беріңізші?





Дала үн қатқанда, бабалардың тамырдағы қаны тулап
қоя береді. Бұл – халқын біріктірген және елінің
мүддесін ойлап, заң шығарған хан туралы оқиға.



Тәуке ханның шатыры




Сіздер - даланың
әділ төрешісіздер.
Оның дауысы да
сіздер. Сондықтан
бүгін мен сіздерді осы
жерге жинадым.



Сіздің билеген кезеңіңіз
қазақ хандығының
«Алтын ғасыры» ретінде
тарихқа енеді. Халық
мамыражай заманда өмір
сүруде, соғыстар
тоқтады.


Қазақ сахарасының
майталмандарының
басын қосу – жаңа
заңдар қажеттігінің
белгісі.






Төле би:
1663 ж. – 1756 ж.

Бұл заң жер бетіне нұрын
шашқан күндей әділ болсын.



Қазыбек би:
1667 ж. – 1763 ж.

Кең даланың әр түкпіріне
жаңа заң таныстырылсын!



Әйтеке би:
1644 ж. – 1700 ж.

Заңдар өзгергенімен, халық
оларды ұмытпаса, дала мәңгілік
жасайды.

«Жеті жарғы» – даланың жүрегінде сақталған
асыл мұра





Бұл бала - жай қойшы емес. Оның көздерінде даланың болашағы жанып тұр. Мен оның бойынан толассыз күшті, зеректікті және білімділікті көрдім.

Бәлкім, оның тағдыры – малдың артында емес, елдің тағдырымен байланысты болар.







Сол күні қазақ даласына болашақ
ханының есімі белгілі болды.

Абылай

Абылай





Біздің ендігі соғысымыз -
дипломатия.

Сен шайқаста жеңдің, бірақ
жаулар талқандалмады.



Ұлы мәртебелі патша Сізге және
халқыңызға қорған болуды
ұсынады.

Император сенің бағынуыңды
күтеді.



Менің киіз үйімнің есігі - достарыма ашық, бірақ
оның шаңырағы ешкімнің алдында иілмейді.



Ата, хандар туралы оқиғалар қатты ұнады, ертең барлық досыма нағыз батырлар туралы айтып беремін.



Әрине, балам, қаһармандар кинофильмдерде емес, біздің тарихымызда өмір сүреді.

Балам, өткеніңді ұмытсаң, келешегіңді де таба алмайсың. Батыр ата-бабаларыңды әрдайым есіңде сақта!



Ұлы хандардың өшпес мұрасы біздің жүрегімізде сақталады!

